

# Мәңгі бақи жүректегі адамым Ақиық ақын Мұқағали Мақатаевқа

Ей, қалам, аруақтарды қозғама,  
Батырсынып терең суға

бойлама.

Жерде тұрып қолды созба

айға да,

Қолыңды жай сағынышпен

жай ғана.

Мұқағали - Хан тәңірдің

қыраны,

Жеткізбейтін дүлдүлдердің

пырағы.

Бұл ақынға өлең сүйген мен

түгіл

Барша Қазақ басын иіп тұрады

Талай өлең дастандарды шалқытты,

Дариядай поэмаға қалқытты.

Жырлар түгіл прозаға да балқытты,

Өйткені ол Махамбеттің сарқыты.



Азамат қой қайталанбас бір аңыз,  
Мақатайдың ұрпағынан тек жалғыз.  
Ұлы Абай қазағыма данышпан,  
Мұқағали ақындарға ол - абыз.

Сездіме екен, жарқырады ақ таңы?!  
Келді міне өмір берген ақпаны.  
Жер ананың құшағында жатырсыз,  
Жауып алып о дүниелік қақпаны.

Айтса кетеді - жүректегі көңіл кір,  
Адамзатқа келеді екен өмір бір,  
Мұқағали Мақатаев ақынға,  
61 жаста арнадым - ау тұңғыш жыр.

**Болат МОЛДАШЕВ,**  
ақын - сазгер.

